

УДК 317

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДЫҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Жанбатырқызы Назым

zzhanbatyr@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының 1
курс студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к, профессор Ф.Н.Жұмабекова

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында адами капитал – жаңғыру негізі, білім берудің жаңа сапасы, барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс – деп атап көрсеткен болатын [1].

Бүгінгі таңда Қазақстан өркениетті елдердің қатарына қосылу бағытында білім беру сипаты мен шарттарына сәйкес білім мазмұнын өзгерту мен жаңартуда бірқатар басты тенденциялар анықталды. Олардың біршамасы қазірдің өзінде Қазақстандағы білім беру аясындағы реформаларға байланысты білім мазмұнын жаңартуда өз орнын алуда. Білім мазмұнын жаңартуға байланысты негізгі басшылыққа алатын өте қажетті төмендегідей факторларды атап айтуға болады: білім берудің жалпы адамзаттық құндылықтары мен гуманитарлық бағыттарының тереңдетілуі, оның әмбебаптылығы, қоғамдағы білім берудің интеграциялануы, нарықтық экономиканың дамуы, әлеуметтік қажеттіліктің көбеюі, жеке тұлғаның кәсіби шеберлігіне қойылатын талаптың жоғарылығы. Білім берудің «адамды сақтау» қызметі, яғни бірінші кезекте балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту институты болып қалыптасуы; білім берудің іргелендірілуі, ақпараттандырылуы, экологияландырылуы және білім беру ортасының рөлі арттырылуы қажет.

Білім мазмұнының қалыптасу көздері мәдениет немесе әлеуметтік тәжірибе болып табылады. Әлеуметтік тәжірибе, яғни мәдениет біртұтас алынғанымен де, ол балабақшадағы немесе мектептегі білімнің құрамын анықтамайды. Әлеуметтік тәжірибеде немесе мәдениетте білім мазмұнын анықтайтын көздерді табу керек. Бұлар материалды таңдау, ішкі құрылымға сәйкес мазмұн құрастыру ұстанымын анықтайды. Мұндай көздерге ғылым, материалдық және рухани өндіріс, қоғамдық қатынастар тәжірибесі, қоғамдық сана формалары, адам әрекеті түрлері (практикалық, танымдық, құндылық – бағдарлық, көркемдік) жатады. Білім мазмұны нақты–тарихи, психологиялық талаптар негізінде жасалған. Осы талаптарға сай әлеуметтік тәжірибе педагогикалық өңдеуді талап етеді. Бұл білім ұйымдарын бітірушілердің өмірде белсенді әрекет етуіне және психикалық қасиеттердің, балалық тұлғаның қалыптасуында, дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі. Сонымен білім мазмұнын қалыптастыруда баланың жеке тұлғалық дамуы, оның қабілеттілігі, қызығушылықтары мен талаптары ескеріледі. Сол мақсатта міндетті пәндерді оқытумен қатар балаларға өз еріктерімен басқа пәндерді де таңдай алады. Мұндай келісім білімнің тереңдеуіне, қызығушылықтың дамуына, ортаға тез бейімделуіне ықпал етеді.

Ресейлік дидакт ғалымдар: Ю.К.Бабанский, В.П.Беспалько, М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, В.С.Леднев т.б білім беру мазмұнының теориялық мәселелерін және оны іріктеу жолдары мен білім мазмұнын таңдаудың пинциптерін айқындаған. М.Н. Скаткиннің зерттеулері Ресейдегі және шет елдердегі дидактиканың іргелі мәселелеріне негізделді [2].

Қазіргі кезеңдегі қоғамдық өзгерістер мен жаңа білім беру кеңістігінде жаңартуларға қатысу маңызды жауапкершілік міндеттер жүктейді. Барлық ТМД елдеріндегідей мектепке дейінгі білім беру жүйесі өте күрделі кезеңдерден өтіп, тәрбиелеу мен білім беру мазмұнын жаңарту және оны жүзеге асыру бүгінгі күннің үлесінде. Білім мазмұнын дәстүрлі педагогикалық модель тұрғысынан алып қарағанда ол білім, білік, дағды – деп қарастырылған. Ал қазіргі кезеңдегі көзқарас тұрғысынан алып қарағанда бұл, барлық мәдениеттің құрамындағы педагогикалық интерпретация–деп тұжырымдалған. Ғалымдар: В.С.Леднев, К.К.Платонов, Н.И.Непомнящей, М.С.Каган т.б білім мазмұнының теориялық аспектісіне әдіснамалық - теориялық тұрғыдан жан - жақты талдау жасаған. Бұл түсінік білім мазмұнының құрылымында: мектепке дейінгі кезеңдегі қарапайым білім мазмұнын беруге арналған пәндер жиынтығын жалпы білім беру мазмұнындағы орны мен рөлін, оқу материалдарының логикалық үйлесімділігін анықтауда маңызды рөл атқарады [3].

Педагогикада білім беру мазмұны жеке тұлғаны қалыптастырумен дамыту барысындағы ғылыми негіз ретінде қарастырылады. Өйткені, жеке тұлға дамуы тәрбие мен

оқытуға тығыз байланысты, сондықтан да алдымен, білім беру мазмұнын анықтап алу қажет екендігі дау тудырмайды.

Сонымен білім беру мазмұны дегеніміз – жеке тұлға қалыптастыру барысында адам баласының іс-әрекет тәсілдерін меңгере отырып, жүйелі түрде білім алуы, іскерлік дағдысын, таным арқылы көзқарасын қалыптастыру және ақыл ойы мен сезімін дамыту деген тұжырымға тоқталдық. Яғни, білімді адам–деп ақыл ойы жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, қабілетті, өз пікірін дәлелдей алатын, болашақты болжай отырып, шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны айтуға болады.

Білім мазмұны – оқу орындарының негізгі мәселелерінің бірі. Ал оның мәні – әрбір ғылыми пәндерден ғылыми білімді игеру, тәжірибеде қолдана білу. Педагогика ғылымының мазмұны – оның тарихында қалыптасқан рухани мұралар мен құндылықтар әлемі. Білім берудің мазмұны мен мәнін ашуда және білім беруді ізгілендіру идеясын жүзеге асыру барысында жеке тұлғаны дамыту мәселесі соңғы он онбес жыл шамасында күн тәртібінің алдыңғы қатарына шықты.

Білім мазмұнын анықтауда, жалпыға міндетті білім беруде, оның ғылым мен техниканың және мәдениеттің даму деңгейіне сай болуын қамтамасыз ету мақсатында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жетілдіру аса қажет болуда. Білім мазмұнын іске асыру барысында аға ұрпақтың жинақталған тәжірибесін болашақ ұрпаққа меңгерту, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени тұрғыдан мазмұнын дамыту мақсатында ғылым туралы толық мәлімет беру (білім мазмұнының теориялары, заңдары, ұғымдары т.б) білім мазмұнының ғылыми және практикалық мәнін ашу, білім алушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескеру, әртүрлі пәндерді оқытуда берілген мерзіміне, көлеміне қарай беру, білім беру мазмұнын әлемдік тәжірибемен ұштастыру, мектепке дейінгі ұйымдардың оқу әдістемелік және материалдық базасына сай құру қажет. Білім беру мазмұнын жаңартудың мақсаты қашанда қоғамның қажеттілігін, жеке тұлғаның сұранысы мен қызығушылығын қанағаттандырып отыруы тиіс. Осыған орай, мектепке дейінгі кезеңдегі білім мазмұнын жаңартуда – жас ерекшелігіне сәйкес берілетін білім, білік, дағдылар жиынтығын және ол арқылы баланы мектепке дайындап, мектептегі білім мазмұнындағы сабақтастықтың сақталуын қамтамасыз етіп, қоғамның әлеуметтік дамуын жүзеге асыру көзделеді. Мектепке дейінгі білім мазмұнын жаңарту – негізінен білім мазмұнының мәнін ашу және оны дұрыс таңдай білу, білім мазмұнын жүйелеу, білім сапасын арттырумен және оны қалыптастыруда дәстүрлі әдіс-тәсілдердің орнына жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана білумен де тығыз байланысты. Қазақстан Республикасында білім мазмұнын ізгілендіру тенденцияларын айқындай отырып, соңғы жылдардағы мектепке дейінгі ұйымдардағы білім мазмұнын жүзеге асыру барысына байланысты ғылыми зерттеулерге талдау жасай келе, білім беру құрылымы мен мазмұны жаңаша бағыт ала бастағанадығы байқалады. Ақпараттар ағымы дәуірінде білім мазмұны тез ескіріп, үнемі жаңартуды және оқу материалдарын берудің әдіс-тәсілдерін жаңартуды талап етеді. Бұл білім беру саласындағы шешімін табуда кезек күттірмейтін негізгі мәселелердің бірі. Білім мазмұны оқу материалдарының мазмұнына ғана емес оны балаға жеткізудің тиімді әдіс-тәсілдері мен формаларына және тәрбиелеу мен білім беруде баланың ақыл-ойының дамуына тікелей де жанама да әсер ететіндей сипатының болуымен маңызды болмақ [4].

Білім беру мазмұнының сипатын жеке тұлға бойында саналы өзгеріс болған жағдайда көруге болады. Жеке тұлғаның өзгеру динамикасы дегеніміз–субьектінің санасы мен қасиетіндегі елеулі өзгерістер. Бұл мәселе тұрғысында В.С.Леднев білім алушылардың бірлескен іс-әрекетінің мазмұнына көңіл аудару теориясын негізге алу керек деп санайды. Білім беру мазмұны шынайы педагогикалық өлшем бойынша, негізінен, нақты оқу процесін игерумен байланысты. Жалпы білім беру мазмұнының жобасын құрастырғанда оның ұстанымдары мен технологияларын меңгерту қажеттілік екенін басшылыққа алған дұрыс. Оның негізгі құрылымдық ұстанымын әртүрлі деңгейде қалыптастыру барысында теориялық мазмұнының негізі болып табылатын пәннің оқу материалдарымен, педагогикалық іс-әрекет, білім алушының тұлға ретінде бейнесімен сәйкес болуы қадағаланады. Жалпы білім беру

мазмұнының ізгілендіру ұстанымы ең алдымен, білім алушылардың жалпы адамзаттық мәдениетті белсенді шығармашылық және практикалық тұрғыдан игерулеріне жағдай жасауға тікелей байланысты [5] Білім мазмұнының негізгі компоненттері жоғарыда айтылған мәдениет түрлерін қалыптастыруға тікелей байланысты. Білім беру мазмұнының тұжырымдамасындағы мақсат ізгілік тұрғысынан ойлануға, әлеуметтік тәжірибенің барлық құрылымдық бөліктерінде педагогикалық бейімделуге сай келеді. Білім алушылардың дүниетанымын қалыптастыруға және қазіргі қоғамдық жағдайды ескере отырып, жеке тұлғаның ізгілік мәдениетінің негізгі компонентін: өмірде өзін-өзі анықтау мәдениеті, экономикалық және еңбек мәдениеті, саяси және құқықтық мәдениеті, интеллектуалдық, адамгершілік, экологиялық, көркемдік және дене мәдениеті, имандылық мәдениеті, отбасы және қарымқатынас мәдениетін қалыптастыруға байланысты. Жалпы білім беру мазмұны оның негізгі компоненттеріне байланысты, яғни жалпы адамзаттық мәдениетпен кіріктіріледі. Сонымен ойымызды қортындылай келе, білім мазмұны—ол білім алушылардың оқылатын пәндер бойынша меңгерген білім, білкік, дағдылары деген тұжырымға тоқталдық .

Жоғарыда аталған ғалымдар еңбектерін зерделей келе, олар өз еңбектерінде білім беруді ізгілендіру идеясына сәйкес білім мазмұнын анықтаудың мәні «жеке тұлғаға бағытталған» деп түйіндейді. Аталған пікірге орай балалар тек, білім мазмұнын игеріп қана қоймайды, олардың жеке тұлғалық сапалары: өз ісіне жауапкершілікпен қарау, өз елінің, жерінің тағдыры толғандыру, қоршаған ортаны қорғау, әділетсіздікке төзбеу және қиындықты, кездескен кедергілерді жеңе білуге деген шыдамдылығы қалыптасады. Авторлар білім мазмұнын педагогикалық бейімделген әлеуметтік тәжірибе деп қарастырып, оның құрылымдық ерекшелігін төрт түрлі элементтен тұрады деп есептейді. Олар:

білім - нәтижеге жетудегі танымдық іс-әрекет ретінде қарастырылуы; (табиғат, қоғам, техника, іс-әрекеттің тәсілдері және ойлау туралы);

үлгі бойынша белгілі іс-әрекеттің жүзеге асырылуы (интеллектуалдық және тәжірибелік білік пен дағды);

шығармашылық іс-әрекет – бұл кездескен жағдаяттар мен іс-әрекет барысында дәстүрден тыс шешім қабылдай білуі (экспериментке қатысу, көркемдік және техникалық шығармашылық жұмысқа қатысу);

тұлғалық бағдар негізінде эмоционалдық-құндылық қатынастардың жүзеге асырылуы (қоршаған ортаға, адамдарға, өзіне-өзі, моральдық нормаларға, әлемдік дүниетанымдық көзқарастарға);

Білім мазмұнының бұл элементтері бір-бірімен тығыз байланысты қарастырылады. Сондай-ақ, бұл элементтерді меңгеруде жас ұрпақ тек оны орындаушы ретінде ғана қарамай, әлеуметтік тәжірибе тұрғысынан өздігінен әрекет етуге, шығармашылыққа және сол жүйеге өз үлесін қосып ықпал ете білуге тиіс. Осыған орай, енді біз білім мазмұнының құрылымын қарастырып көрейік. Білім мазмұны ол үш біртұтас үдерісті сипаттайды. Біріншіден, өткен аға ұрпақтың тәжірибесін меңгеру, екіншіден, жеке тұлғаның тәрбиесіндегі типтік сапаларды ескеру, үшіншіден, адамның ақыл-ой және дене дамуының ерекшеліктеріне баса назар аудару. Мұндағы жетекші іс-әрекеттің түрі оқыту, білім берудің ең жақын уақыттағы және тікелей қатысты мақсаты-тәжірибені меңгеру. Білім мазмұнының құрылымы, ол қоғам талаптарынан туындап, ғылым мен техниканың дамуына, тарихи кезеңдердегі әлеуметтік экономикалық жағдайларға байланысты анықталады. Дегенмен де, қоғам талаптарының ең басты, маңызды бөлігі, білім мазмұнының философиялық негізі болуында және адамның қоғамдағы орны мен ролі білім беру мақсатымен тығыз байланысты қарастырылуында. Бұл білім беру теориясының тамырын терең философиялық ой түйіндерден алатындығында жатыр. Білім берудің классикалық теориясының дидактикалық көзқарастарында мақсат, міндеттер, білім беру мазмұны, оқулықтың ролі және мұғалім жайында анықтамалар берілген. Мұнда, білім мазмұны білім көздері-деп түсіндіріледі [6].

Ойымызды қортындылай келе, бүгінгі таңда өркениетті елдердің қатарына қосылу бағытында білім беру сипаты мен шарттарына сәйкес білім мазмұнын өзгерту мен жаңартуда бірқатар басты тенденциялар анықталды. Олардың біршамасы қазірдің өзінде Қазақстандағы

білім беру аясындағы реформаларға байланысты білім мазмұнын жаңартуда өз орнын алуда. Білім берудің «адамды сақтау» қызметі, яғни бірінші кезекте балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайту институты болып қалыптасуы; білім берудің іргелендірілуі, ақпараттандырылуы және білім беру ортасының рөлі арттырылуы қажет деп тұжырым жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. Астана. 2017
2. Қазіргі заманауи оқу- тәрбие үдерісіндегі білім беру технологиялары Алматы қаласы 2017.
3. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Н.Ә.Назарбаев жолдау
4. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Н.Ә.Назарбаев мақаласы
5. «Мәңгілік ел» мектеп жасына дейінгі балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу бойынша ұлттық идея мәнмәтінінде әдістемелік ұсынымдар. «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы. Астана. 2016
6. Қазақстан Республикасы орта білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы. - Алматы. РБК. 1997. - 84 б.